



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Астана қ.

2024 жыл, 15 наурыз

2023 жылы Қазақстанның төлем ұйымдары 900 млн астам операция жүргізді

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша, Қазақстан аумағында **130** төлем ұйымы тіркелген (алдыңғы жылмен салыстырғанда 24%-ға өсу бар).

Төлем ұйымдары операцияларының көлемі қарқынды өсу динамикасын көрсетуде. 2023 жылы төлем ұйымдарының сервистері арқылы жүргізілген айналым **8 трлн теңге** болды немесе 2022 жылмен салыстырғанда **26%-ға** артық.

Жекелеген төлем ұйымдарында төлем қызметі бойынша айналымдардың шоғырланғаны байқалады. Мысалы, төлем нарығында жұмыс істейтін төлем ұйымдарының арасында 15 төлем ұйымы елеулі үлеске ие (айналымның 80%-дан астамы).

2023 жылы орындалған операциялардың көлемі бойынша ең көп өсім клиенттердің мобильді құрылғы мен интернет-ресурстар арқылы жүргізген операцияларынан көрінді. Өткен жылы мобильді құрылғылар мен интернет-ресурстар арқылы **4 870 млрд теңгеге** осындай **515 млн** операция жүргізілген (2022 жылмен салыстырғанда өсім – 1,5 есе).

Төлем ұйымдары қолма-қол ақшаны қабылдауға байланысты **2 200 млрд теңгеге 192 млн операция** жүргізді (2022 жылмен салыстырғанда 10,9%-ға өсу бар).

Электрондық ақшамен жасалатын операциялар да артқан. 2023 жылы **596,8 млрд теңгеге** операциялар жүргізілді (2022 жылмен салыстырғанда 16,0%-ға өсу бар).

Төлем ұйымдарын Қазақстан Республикасының аумақтарына қарай бөлгенде: төлем ұйымдары санының 88,7%-ы (116 бірлік) Алматыға, одан кейін 8,1%-ы (10 бірлік) Астанаға, 2,4%-ы (3 бірлік) Қарағандыға, сондай-ақ 0,8%-ы (1) Рудныйға тиесілі.

2023 жылы Ұлттық Банктің бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру аясында:

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген негіздерге сай (*дұрыс мәлімет бермеу, заңнама талаптарын жүйелі түрде бұзу, төлем қызметін көрсетуді жүзеге асырмау және т. б.*) төлем ұйымдары тізілімінен **12 төлем ұйымы** алынды;

- төлем ұйымдарына қатысты **144 шектеулі ықпал ету шарасы** қабылданды (*есеп нысандарын уақытылы ұсынбау, қате есептік мәліметтер ұсыну, қызметтердің (өнімдердің) тәуекелдерге ұшырау дәрежесіне жыл сайын бағалау жүргізбеу және т.б.*). Қабылданған ықпал ету шаралары жөніндегі ақпаратты Ұлттық Банктің интернет-ресурсынан алуға болады;

- **11 төлем ұйымына** есептілікті ұсыну бөлігінде заңнама талаптарын, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін **33 млн теңгеден** астам сомада айыппұл салынды.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

+7 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz